Құжаттың атауы	Ғылыми атақтарды беру бойынша ҰШМҰО қызметкерлерінің Ғылыми Кеңеске құжаттамаларды ұсыну тәртібі			
Коды:	Коды: СОР-ҒАББҚҒККҰТ-55/ҒжББ			
Бекітілді:	ҚР ДСМ «Ұлттық шұғыл медицинаны үйлестіру орталығы» ШЖҚ РМК Басқарма төрағасының 2026 жылғы 14 шілдедегі № 184 бұйрығымен			
Әзірлеушілер:	*Лауазымы*	*Т.А.Ә.*	*Күні*	*Қолы*
	Ғылым және білім бөлімінің басшысы	Сулейманова С.Б.	14.07.26	
	Ғылым және білім бөлімінің жетекші маманы	Мұқажан Д.Ж.	14.07.26	
Келісілді:	Жедел медициналық көмекті үйлестіру жөніндегі Басқарма төрағасының орынбасары	Сапаров А.И.	14.07 2026	
	Сапаны бақылау және пациенттерді қолдау қызметі бөлімінің басшысы	Абылкасова Н.Т.	14.07.26.	

Астана, 2026 ж.

1. Мақсаты

Ғылыми атақтарды беру үшін ҰШМҮО қызметкерлерінің кандидатураларын Ғылыми Кеңеске ұсыну және құжаттаманы жүргізуді бақылау.

2. Қысқартулар мен анықтамалар

СОР – стандартты операциялық рәсім.
ҒК – Ғылыми кеңес.
ҰШМҮО – Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Ұлттық шұғыл медицинаны үйлестіру орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны.
Комитет – Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті.

3. Қолданылу саласы

Осы СОР ғылыми дәрежесі (ғылым кандидаты, ғылым докторы, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор) немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор академиялық дәрежесі не философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесі бар (бұдан әрі – үміткерлер), ғылыми атақ беруге өтініш білдіретін ұйымға толық мөлшерлемеде жұмыс істейтін тұлғаларға қолданылады.

4. Жауапкершілік

ҒК хатшылығы келіп түскен материалдарды қабылдауға, тіркеуге, есепке алуға және сақтауға, сондай-ақ оларды Ғылыми кеңесінің мүшелерінің қарауын ұйымдастыруға жауап береді.

Хатшылықтың міндеттеріне мыналар кіреді:

1. келіп түскен құжаттаманы белгіленген тәртіппен тіркеу;
2. материалдарды ҰШМҮО ҒК мүшелерінің сараптамасына беру;
3. ұсынылған құжаттарды қарау және шешімдер қабылдау процесін ұйымдастыру;
4. өтініш берушілерге қарау нәтижелері туралы ақпарат беру;
5. құжаттаманың тиісті түрде сақталуын қамтамасыз ету;
6. ҒК хатшылығы құжаттардың мынадай түрлерін:

- ғылыми атақ беруге үміткер кандидатураны ұсыну және қарау туралы өтінішті;

- ізденуші туралы анықтаманы;
- ғылыми еңбектер тізімін;
- жарияланымдар тізімінде көрсетілген жарияланымдардың көшірмелері;
- монографияның немесе оқулықтың (оқу (оқу-әдістемелік) құралының) қағаз және электрондық нұсқадағы түпнұсқасын;
- ғылыми дәрежесі бар білім алушыларды даярлауды растайтын ресми құжаттардың көшірмелерін (бар болған жағдайда);
- жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы дипломдардың, ғылыми дәрежелер мен атақтардың көшірмелерін (бар болған жағдайда);
- жұмыс орны бойынша куәландырылған еңбек кітапшасының көшірмелері (бар болған жағдайда) және үміткердің сұратылып отырған ғылыми бағыты бойынша ғылыми-педагогикалық және (немесе) ғылыми өтілін растайтын жұмыс беруші актілерінен үзінділерді (оның ішінде мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын ғылыми жобалар мен бағдарламаларға қатысуға қатысты);
- ҰШМҰО клиникалық бөлімшесі/құрылымдық бөлімшесі басшысының ұсынымын (және/немесе кафедраның (клиниканың бөлімінің/бөлімшесінің) отырысы хаттамасынан үзінді);
- жеке куәліктің немесе паспорттың көшірмесін қабылдайды және тіркейді.

5. Стандартты іс-қимылдардың және/немесе операциялардың алгоритмі

5.1 Құжаттарды жинаудың қадамдық тәртібі.

1. Құжаттаманы дайындау

Клиникалық бөлімше басшысының/кафедра (немесе зертхана) меңгерушісінің ұсынымы.Кандидатура бейінді бөлімшенің (клиниканың бөлімінің/департаментінің, кафедраның) отырысында талқыланады. Талқылау қорытындысы бойынша Ғылыми кеңестің қарауына ұсыну туралы ұсыным және/немесе хаттамадан үзінді ресімделеді.Материалдар ҒК отырысының белгіленген күнінен **7** күн бұрын Ғылыми кеңестің хатшысына беріледі.

5.2 Үміткерді қауымдастырылған профессор (доцент) Ғылыми атағын беруге ұсыну үшін Ғылыми Кеңеске құжаттарды ұсыну туралы өтініш беру:

Қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағы ғылыми дәрежесі (ғылым кандидаты, ғылым докторы, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор) немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор академиялық дәрежесі не философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесі бар (бұдан әрі – үміткерлер), ғылыми атақ беруге өтініш білдіретін ұйымда толық мөлшерлемеде жұмыс істейтін тұлғаға мынадай талаптар болған жағдайда беріледі:

1) диссертация қорғағаннан кейін ғылыми және (немесе) ғылыми-педагогикалық қызметтегі кемінде 3 (үш) жыл үздіксіз еңбек өтілі, оның ішінде кемінде 2 (екі) жыл ЖЖОКБҰ-да қауымдастырылған профессор (доцент) лауазымынан төмен емес лауазымда немесе ғылыми ұйымда аға ғылыми қызметкер лауазымында, бөлімше басшысы, басшының орынбасары, ЖЖОКБҰ немесе ғылыми ұйым басшысы лауазымдарында жұмыс істеуі;

- философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор академиялық дәрежесі бар үміткерлер үшін ЖЖОКБҰ-да қауымдастырылған профессор (доцент) лауазымынан төмен емес немесе ғылыми ұйымда аға ғылыми қызметкер лауазымындағы еңбек өтілі талап етілмейді;

2) үміткердің мамандығына сәйкес келетін және диссертация қорғағаннан кейін жарияланған мерзімді ғылыми басылымдарда кемінде 14 (он төрт) ғылыми мақала, оның ішінде уәкілетті орган ұсынған басылымдарда 10 (он) ғылыми мақала және халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарда 2 (екі) ғылыми мақала болуы;

- халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарда жарияланған 2 (екі) ғылыми мақалада үміткер бірінші автор немесе корреспонденцияға жауапты автор болуы тиіс;

- халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарға Clarivate Analytics компаниясының Journal Citation Reports деректері бойынша 1, 2 және 3-квартильге кіретін немесе Scopus дерекқорында үміткердің мамандығына сәйкес келетін ғылыми сала бойынша CiteScore көрсеткіші бойынша кемінде 35 (отыз бес) процентильге ие журналдар жатады;

- халықаралық рецензияланатын ғылыми журналды Scopus және/немесе Web of Science дерекқорларында индекстеу тоқтатылған жағдайда, үміткердің осы журналдағы барлық мақалалары есепке алынбайды;

- халықаралық журналдағы 1 мақала (Clarivate Analytics компаниясының Journal Citation Reports деректері бойынша 1, 2 және 3-квартильге кіретін немесе Scopus

дерекқорында CiteScore көрсеткіші бойынша кемінде 35 процентильге ие) ҚР уәкілетті органы ұсынған басылымдардағы 2 мақала ретінде есептеледі;
- Clarivate Analytics компаниясының Web of Science дерекқорындағы Derwent Innovations Index құрамына енгізілген Америка Құрама Штаттарының, Еуропалық одақтың және Жапонияның патенттері халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдардағы ғылыми мақалалар ретінде есептеледі. Бұл ретте патенттер ғылыми мақалалардың 20 %-ынан аспайтын бөлігін алмастырады;
- өнертабысқа патенттер ҚР уәкілетті органы ұсынған басылымдардағы мақалалардың 20 %-ынан аспайтын бөлігін алмастырады;
3) Ғылыми кеңес ұсынған монография (соңғы 5 жылда жарияланған, ізденушіге кемінде 6 баспа табақ тиесілі) немесе Ғылыми кеңес, Республикалық оқу-әдістемелік кеңес не уәкілетті мемлекеттік орган ұсынған жеке авторлықпен жазылған оқу (оқу-әдістемелік) құралы немесе оқулық (соңғы 5 жылда жарық көрген, көлемі кемінде 6 баспа табақ, оқу процесінде кемінде 1 оқу жылы пайдаланылған) болуы;
- не оның жетекшілігімен диссертация қорғаған және ғылыми дәрежесі (ғылым кандидаты, ғылым докторы, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор) немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор академиялық дәрежесі не философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесі бар тұлғаның болуы.

5.3 Үміткерді профессор ғылыми атағын беруге ұсыну үшін Ғылыми Кеңеске құжаттарды ұсыну туралы өтініш беру:

Профессор ғылыми атағы қауымдастырылған профессор (доцент) немесе аға ғылыми қызметкер ғылыми атағы бар, ғылыми атақ беруге өтініш білдіретін ұйымда толық мөлшерлемеде жұмыс істейтін үміткерлерге мынадай талаптар болған жағдайда беріледі:
1) қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағын алғаннан кейін ғылыми және (немесе) ғылыми-педагогикалық қызметтегі кемінде 5 жыл үздіксіз еңбек өтілі, оның ішінде 2 жыл ЖЖОКБҰ-да профессор лауазымынан төмен емес немесе ғылыми ұйымдағы тиісті лауазымдарда, бөлімше басшысы, басшының орынбасары, ЖЖОКБҰ немесе ғылыми ұйым басшысы лауазымдарында жұмыс істеуі;
2) қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағын алғаннан кейін жарияланған, үміткердің мамандығына сәйкес келетін мерзімді ғылыми басылымдарда 28 ғылыми мақала, оның ішінде ҚР уәкілетті органы ұсынған

басылымдарда 20 ғылыми мақала және халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарда 3 ғылыми мақала болуы. Бұл журналдар Clarivate Analytics компаниясының Journal Citation Reports деректері бойынша 1 және 2-квартильге кіретін немесе Scopus дерекқорында үміткердің мамандығына сәйкес келетін ғылыми сала бойынша CiteScore көрсеткіші бойынша кемінде 50 процентильге ие болуы тиіс;

- халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарда жарияланған 3 ғылыми мақалада үміткер бірінші автор немесе корреспонденцияға жауапты автор болуы тиіс;

- халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарда (Clarivate Analytics компаниясының Journal Citation Reports деректері бойынша 1 және 2-квартильге кіретін немесе Scopus дерекқорында үміткердің мамандығына сәйкес келетін ғылыми сала бойынша CiteScore көрсеткіші бойынша кемінде 50 процентильге ие) талап етілетін саннан артық ғылыми мақалалар болған жағдайда, осындай журналдағы 1 мақала ҚР уәкілетті органы ұсынған басылымдардағы 2 мақала ретінде есептеледі;

- халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдардағы 2 ғылыми мақала ретінде монография есептеледі (ізденушіге кемінде 3 баспа табақ тиесілі және ол сенім білдірілген баспада жарияланған болуы тиіс). Жоғарыда көрсетілген монографияда тарау болған жағдайда (ізденушіге кемінде 1 баспа табақ тиесілі), ол халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдағы 1 мақала ретінде есептеледі;

-Clarivate Analytics компаниясының Web of Science дерекқорындағы Derwent Innovations Index құрамына енгізілген Америка Құрама Штаттарының, Еуропалық одақтың және Жапонияның патенттері халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдардағы ғылыми мақалалар ретінде есептеледі. Бұл ретте патенттер ғылыми мақалалардың 20 %-ынан аспайтын бөлігін алмастырады;

-өнертабысқа патенттер ҚР уәкілетті органы ұсынған басылымдардағы мақалалардың 20 %-ынан аспайтын бөлігін алмастырады;

3) қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағын алғаннан кейін жарияланған, Ғылыми кеңес ұсынған монография (соңғы 5 жылда жарияланған, авторлық көлемі кемінде 6 баспа табақ) немесе Ғылыми кеңес, Республикалық оқу-әдістемелік кеңес не уәкілетті мемлекеттік орган ұсынған жеке авторлықпен жазылған оқулық (соңғы 5 жылда жарияланған, көлемі кемінде 6 баспа табақ, білім беру процесінде кемінде 1 оқу жылы пайдаланылған);

не оның жетекшілігімен диссертация қорғаған және ғылыми дәрежесі (ғылым кандидаты, ғылым докторы, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор) немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор академиялық дәрежесі не философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесі бар 3 тұлғаның болуы.

5.4 Өтінішті ресімдеу

1. ҒК хатшылығы өтініш берушіге материалдарды қарауға арналған өтініш нысанын ұсынады (1-қосымша).

2. Ұсынылған материалдардың мазмұнын тексеру

ҒК хатшылығы ұсынылған материалдар топтамасының толықтығы мен мазмұнын тексеру парағын пайдалана отырып тексереді.

Мынадай құжаттардың болуы тексеріледі:

1) үміткердің өтініші;

2) ізденуші туралы анықтама (2-қосымша);

3)үміткердің жарияланымдар тізімі (3-қосымша);

4)жарияланымдар тізімінде көрсетілген жарияланымдардың көшірмелері;

5)монографияның немесе оқулықтың (оқу (оқу-әдістемелік) құралының) қағаз және электрондық нұсқадағы түпнұсқасы;

6)ғылыми дәрежесі бар білім алушыларды даярлауды растайтын ресми құжаттардың көшірмелері (бар болған жағдайда);

7)жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы дипломдардың, ғылыми дәрежелер мен атақтардың көшірмелері (бар болған жағдайда);

8)жұмыс орны бойынша куәландырылған еңбек кітапшасының көшірмелері (бар болған жағдайда) және үміткердің сұратылып отырған ғылыми бағыты бойынша ғылыми-педагогикалық және (немесе) ғылыми өтілін растайтын жұмыс беруші актілерінен үзінділер (оның ішінде мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын ғылыми жобалар мен бағдарламаларға қатысуға қатысты);

9)ҰШМҰО клиникалық бөлімшесі/құрылымдық бөлімшесі басшысының ұсынымы (және/немесе кафедраның (клиниканың бөлімінің/бөлімшесінің) отырысы хаттамасынан үзінді);

10)жеке куәліктің немесе паспорттың көшірмесі.

3. Электорндық материалдарды тексеру.

Құжаттарды электрондық түрде ұсыну кезінде электрондық форматта ұсынылған барлық файлдардың толықтығы, оқылуы және дұрыстығы тексеріледі.

4. Қарауға ұсынылған материалдарды тіркеу

Құжаттарды қабылдағаннан кейін ҒК хатшыллығы:

1) үміткерге ғылыми атақ беру үшін ұсынылған құжаттар негізінде аттестаттау ісін (папканы) қалыптастырады;
2) есепке алу журналында:
   - үміткердің сәйкестендіру (паспорттық) деректерін және тіркеу нөмірін енгізеді;
   - құжаттардың келіп түскен күнін тіркейді;
   - құжаттарды қабылдаған қызметкер туралы мәліметтерді көрсетеді;
   - құжаттарды алғаны туралы қолхат ресімдейді.

5.5 Материалдарды Ғылыми Кеңесте қарау

1.Ғылыми кеңес отырысында үміткер өзі, ғылыми еңбектері және оның жетекшілігімен диссертация қорғаған білім алушылары туралы қысқаша ақпарат ұсынады;

2.Отырыста клиникалық бөлімше/ҰШМҰО құрылымдық бөлімшесі басшысының ұсынымы (және/немесе кафедраның (клиниканың бөлімінің/бөлімшесінің) отырысы хаттамасынан үзінді) тыңдалады;

3.Талқылау аяқталғаннан кейін төраға ашық дауыс беруді жүргізеді. Шешім көпшілік дауыспен қабылданады және оған ҒК-ның барлық мүшелері қол қояды.

4.Қарау нәтижелері бойынша ҒК мынадай шешімдердің бірін қабылдай алады:

- Ғылыми атақ беруге өтінішті танып, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетіне ұсыну.
- Бас тарту, бұл ретте бас тарту себептері міндетті түрде көрсетіледі:
  1) осы СОР-да көрсетілген құжаттардың қандай да бірінің болмауы немесе талаптарға сәйкес келмеуі;
  2) үміткер туралы материалдардың сұратылып отырған ғылыми бағытқа сәйкес келмеуі.

Қоса берілген құжаттарымен бірге аттестаттау ісі үміткерге қайтарылады. Ғылыми кеңеске қайта ұсыну қайтарылған күннен бастап кемінде 1 (бір) ай өткен соң жүзеге асырылады.

5. ҰШМҰО Ғылыми Кеңесінің оң шешімі қабылданған жағдайда, өтініш беру туралы шешім қабылданғанға дейін 1(бір) ай бұрын Ғылыми Кеңес ҰШМҰО интернет-ресурсында электрондық түрде (DOC немесе DOCX форматында және сканерленген нұсқада) осы СОП қосымшаларына сәйкес нысан бойынша анықтаманы, үміткердің жарияланымдар тізімін, оның ішінде халықаралық рецензияланатын басылымдардағы жарияланымдар тізімін орналастырады.
6. ҰШМҰО Ғылыми кеңесі Комитетке ғылыми атақ беру туралы өтініш ұсынады.
Өтінішке мынадай құжаттар енгізілетін аттестаттау ісі қоса беріледі:

1) ұйымның бланкісінде ресімделген, Ғылыми кеңес төрағасы қол қойған, материалдарды жіберу күні көрсетілген ілеспе хат-ұсыным;
2) жарияланымдар тізімі. Халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдардағы жарияланымдар тізімі осы СОР-дың 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша ресімделеді;
3) жарияланымдар тізімінде көрсетілген жарияланымдардың көшірмелері;
4) Орталық Ғылыми кеңесі отырысы хаттамасынан ізденушінің ғылыми және педагогикалық қызметі көрсетілген үзінді;
5) жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы дипломдардың, ғылыми дәрежелер мен атақтардың көшірмелері (бар болған жағдайда);
6) жұмыс орны бойынша куәландырылған еңбек кітапшасының көшірмелері (бар болған жағдайда) және үміткердің сұратылып отырған ғылыми бағыты бойынша ғылыми-педагогикалық және (немесе) ғылыми өтілін растайтын жұмыс беруші актілерінен үзінділер (оның ішінде мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын ғылыми жобалар мен бағдарламаларға қатысуға қатысты);
7) ғылыми дәрежесі бар білім алушыларды даярлауды растайтын ресми құжаттардың көшірмелері (бар болған жағдайда);
8) монографияның немесе оқулықтың (оқу (оқу-әдістемелік) құралының) қағаз және электрондық нұсқадағы түпнұсқасы;
9) жеке куәліктің немесе паспорттың көшірмесі.

Тармақшаларда көрсетілген құжаттар Комитетке PDF форматындағы файл түрінде сканерленген нұсқада ұсынылады.

7. ҒК хатшысы құжаттарды және барлық отырыстар хаттамаларын мұрағаттауды қамтамасыз етеді.

5.6 Құжаттандыру

Рәсімді құжаттандыру мынадай құжаттарда жүзеге асырылады:

1) Тіркеу және есепке алу журналы;
2) Отырыс хаттамасы;
3) Материалдар белгіленген тәртіппен құпиялылық пен құжаттардың сақталуын қамтамасыз ету талаптары сақтала отырып, арнайы бөлінген үй-жайда (мұрағатта) сақталады.

5.7 Комитет аттестаттау ісін тіркеген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде мынадай жағдайларда қайтару себебін көрсете отырып, аттестаттау ісін қараусыз қайтарады:

1) құжаттардың қандай да бірінің болмауы немесе талаптарға сәйкес келмеуі;
2) ұсынылған материалдардың ЖЖОКБҰ немесе ғылыми ұйымның интернет-ресурсында орналастырылған үміткер туралы ақпаратқа сәйкес келмеуі;
3) үміткер туралы материалдардың сұратылып отырған ғылыми бағытқа сәйкес келмеуі.

Аттестаттау ісі қайтарылған күннен бастап кемінде 1 (бір) ай өткен соң ЖЖОКБҰ немесе ғылыми ұйым тарапынан қайта жіберіледі.

5.8 Комитетке жіберілетін ғылыми атақ ізденушілерінің аттестаттау істерін ресімдеуге байланысты шығыстарды тиісті ұсынымдарды Комитетке дайындаған Ғылыми кеңестер жұмыс істейтін ұйымдар төлейді.

5.9 Ғылыми атақ беруге арналған аттестаттау істері Комитетте аттестаттау ісі тіркелген күннен бастап 2 (екі) ай ішінде қаралады.

5.10 Қауымдастырылған профессор (доцент), профессор ғылыми атақтарын алуға үміткерлердің аттестаттау істерінің талаптарға сәйкестігі Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің консультативтік-кеңесші органы болып табылатын Сараптамалық кеңесте (бұдан әрі – Сараптамалық кеңес) белгіленеді.

6. Комитеттің Сараптамалық кеңесінің қорытындылары

6.1 Сараптамалық кеңестің қорытындысы негізінде Комитет ғылыми атақ беру/беруден бас тарту туралы шешім қабылдайды және қорытындыға қол қойылған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде тиісті бұйрық шығарады.

6.2 Үміткердің өтініші немесе ЖЖОКБҰ-ның не ғылыми ұйымның ходатайствосы негізінде Комитет шешім қабылдағанға дейін аттестаттау ісін қараудан алып тастауға жол беріледі, ғылыми әдеп нормаларын бұзу жағдайларын қоспағанда.

6.3 Ғылыми атақ беру туралы шешім шешім қабылданған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Комитеттің интернет-ресурсында орналастырылады.

6.4 Ғылыми атақ беруден бас тарту туралы шешім қабылданған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде ЖЖОКБҰ-ға немесе ғылыми ұйымға хабарланады.

6.5 Ғылыми әдеп нормаларының бұзылуына байланысты қабылданған Комитеттің ғылыми атақ беруден бас тарту туралы шешімі болған жағдайда, осы тұлғаға қатысты қайталама өтініш шешім қабылданған күннен бастап 5 (бес) жылдан ерте емес мерзімде Комитетке беріледі. Бұл ретте осы Қағидалардың талаптарына сәйкестігі соңғы 5 (бес) жыл үшін есепке алынады.

6.6 Ғылыми әдептің негізгі нормалары Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 20 қарашадағы № 529 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 35392 болып тіркелген) Ғылыми әдептің үлгілік қағидаларына сәйкес айқындалады.

6.7 Комитет ғылыми атақ беруден бас тарту туралы шешім қабылдаған жағдайда, ғылыми атақ беру туралы жаңа ұсыным көрсетілген ескертулер жойылғаннан кейін Ғылыми кеңес тарапынан ұсынылады, ғылыми әдеп нормаларын бұзу жағдайларын қоспағанда.

6.8 Қауымдастырылған профессорларға (доценттерге) және профессорларға мемлекеттік үлгідегі аттестаттар беріледі.

6.9 Ғылыми атақтарды беру мәселелері бойынша Комитет шешім шығарған күннен бастап 2 (екі) ай ішінде ізденуші Комитетке апелляция бере алады. Көрсетілген мерзім өткеннен кейін апелляция Комитеттің қарауына қабылданбайды.

7. СОР-ды қайта қарау шарттарын көрсету

Осы СОР 3 жылда 1 рет және/немесе жаңа талаптар пайда болған жағдайда қайта қаралады.

8. Сілтемелер

1. «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодекс Қазақстан Республикасының кодексі;
2. Дүниежүзілік Медициналық Қауымдастықтың 2013 жылғы қазанда Бразилияның Форталеза қаласында өткен ДМҚ-ның 64-ші Бас Ассамблеясында қабылданған Хельсинки декларациясы;
3. «Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарға клиникалық зерттеулер, организмнен тыс (in vitro) диагностикалауға арналған медициналық бұйымдарға клиникалық-зертханалық сынақтар жүргізу қағидаларын және клиникалық базаларға қойылатын талаптарды» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 11 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-248/2020 бұйрығы.
4. «Тиісті фармацевтикалық практикаларды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2021 жылғы 4 ақпандағы № ҚР ДСМ-15 бұйрығы;
5. 2025 жылғы 6 қаңтардағы клиникалық зерттеулерді жүргізу жөніндегі ICH-GCP нұсқаулығы;
6. «Еуразиялық экономикалық одақтың тиісті клиникалық практика қағидаларын бекіту туралы» Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2016 жылғы 3 қарашадағы № 79 шешімі.

1-Қосымша

Анықтама

ғылыми атаққа ізденуші _____

мамандығы _____

(мамандықтың шифры және атауы)

1	Тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)	
2	Ғылыми дәрежесі (ғылым кандидаты, ғылым докторы, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор) немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор академиялық дәрежесі не философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесі, берілген күні	
3	Ғылыми атағы, берілген күні	
4	Құрметті атағы, берілген күні	
5	Лауазымы (лауазымға тағайындау туралы бұйрықтың күні мен нөмірі)	
6	Ғылыми, ғылыми-педагогикалық қызмет өтілі	Барлығы _____жыл, оның ішінде қызметте болған_____жыл
7	Диссертация қорғағаннан кейін/қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағын алғаннан кейін жарияланған ғылыми мақалаларының саны.)	Барлығы _____, Уәкілетті орган ұсынған басылымдарда_____, Компанияның дерекқорларына кіретін ғылыми журналдарда Clarivate Analytics (Кларивэйт Аналитикс) (Web of Science Core Collection, Clarivate Analytics (Вэб оф Сайнс Кор Коллекшн, Кларивэйт Аналитикс)) _____, Scopus (Скопус) или JSTOR (ДЖЕЙСТОР) _____, шығармашылық еңбектер_____.
8	Соңғы 5 жылда жарияланған монографияларының, оқулықтарының, жеке авторлықпен жазылған оқу (оқу-әдістемелік) құралдарының саны	
9	Оның жетекшілігімен диссертация қорғаған және ғылыми дәрежесі	

	(ғылым кандидаты, ғылым докторы, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор) немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор академиялық дәрежесі не философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесі бар тұлғалар.	
10	Оның жетекшілігімен дайындалған республикалық, халықаралық, шетелдік конкурстардың, көрмелердің, фестивальдердің, сыйлықтардың, олимпиадалардың лауреаттары мен жүлдегерлері.	
11	Оның жетекшілігімен дайындалған Дүниежүзілік универсиадалардың, Азия чемпионаттары мен Азия ойындарының чемпиондары немесе жүлдегерлері, Еуропа, әлем және Олимпиада ойындарының чемпиондары немесе жүлдегерлері.	
12	Қосымша ақпарат	

Ғылыми Кеңестің Төрағасы _____ Е.Б.Адильбеков

Ғылыми Кеңестің Хатшысы _____ Д.Ж. Мұқажан

2-Қосымша

Халықаралық рецензияланатын басылымдардағы жарияланымдар тізімі

Үміткердің тегі:
Автордың сәйкестендіру идентификаторлары:
Scopus ID: ORCID:

№ п/п	Жарияланым атауы	Жарияланым түрі(мақала, шолу және т.б.)	Жупналдың атауы, жарияланған жылы (дерекқорларға сәйкес), DOI	Журналдың импакт-факторы, квартилі және жарияланған жылдағы Journal Citation Reports (Жорнал Цитэйшэн Репортс) бойынша ғылыми деректер саласы	Web of Science Core Collection дерекқорындағы (Веб оф Сайенс Кор Коллекшн) индексі	Журналдың CiteScore (СайтСкор) көрсеткіші, процентилі және жарияланған жылдағы жылдағы Scopus (Скопус) бойынша ғылыми деректер саласы	Авторлардың аты-жөні (үміткердің аты-жөні асты сызылып көрсетіледі)	Өкілдің рөлі (бірлескен автор, бірінші автор, корреспондденцияға жауапты автор)

3-Қосымша

Ғылыми Кеңестің № үзінді көшірмесі

Т.А.Ә.

ғылыми атағын беру туралы _____

мамандығы бойынша_____

(мамандықтың шифры және атауы)

Ғылыми Кеңес мыналарды атап өтеді:

1. Академиялық білім:

Үміткер (қажетін белгілеу):

1) үміткердің ғылым кандидаты, ғылым докторы, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесі немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор академиялық дәрежесі не философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесі бар (жоқ)

_____;

2) үміткердің Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары туралы» Заңында көзделген құрметті атағы немесе «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген жаттықтырушысы» атағы бар (жоқ)

_____;

3) ғылыми, ғылыми-педагогикалық, шығармашылық-педагогикалық қызмет өтілі (қажетін белгілеу), оның ішінде талап етілетін лауазымдағы қызмет өтілі:

_____;

2. Ғылыми қызмет:

4) Қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағын алуға үміткердің ғылыми мақалаларының саны _____, оның ішінде:

Комитет ұсынған бағдарламада _____;

Шетелдік ғылыми журналдарда _____;

Clarivate Analytics компаниясының Journal Citation Reports деректері бойынша 1, 2 және 3-квартильге кіретін халықаралық рецензияланатын журналдарда _____;

Scopus дерекқорында CiteScore бойынша процентиль көрсеткіші кемінде 35 болатын халықаралық рецензияланатын журналдарда _____;

Clarivate Analytics компаниясының Web of Science Core Collection дерекқорында (Arts and Humanities Citation Index, Science Citation Index Expanded, Social Sciences Citation Index бөлімдері) индекстелетін халықаралық рецензияланатын журналдарда _____;

JSTOR дерекқорына кіретін халықаралық рецензияланатын журналдарда _____;

5) Қазақстан Республикасындағы зияткерлік меншік объектілері мен патенттердің мемлекеттік тізілімдеріне енгізілген патенттер _____;

Clarivate Analytics дерекқорына (Web of Science Core Collection, Clarivate Analytics) енгізілген шетелдік патенттер _____;

шығармашылық еңбектер _____;

басқа жарияланымдар_____.

6) Жеке авторлықпен жазылып, жарияланған, көлемі _____ баспа табақты құрайтын және білім беру процесінде пайдаланылатын оқу (оқу-әдістемелік) құралы, оқулық немесе монография: _____

(атауы,басылған жері және жылы, кім ұсынған)

3. Білім беру қызметі:

8) Педагогикалық, жаттықтырушы-педагогикалық қызмет өтілі:_____;

9) Үміткердің жетекшілігімен (қажетін толтыру):

а) оның жетекшілігімен диссертация қорғаған және ғылыми дәрежесі (ғылым кандидаты, ғылым докторы, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор) немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор академиялық дәрежесі не философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесі бар тұлға дайындалды:_____;

(Т.А.Ә. (бар болған жағдайда), қорғау және бекіту күні)

б)республикалық, халықаралық (Қазақстан Республикасының уәкілетті органдары белгілеген), шетелдік конкурстардың, көрмелердің, фестивальдердің, сыйлықтардың, олимпиадалардың лауреаты немесе жүлдегері дайындалды: _____;

в) Дүниежүзілік универсиадалардың, Азия чемпионаттары мен Азия ойындарының чемпионы немесе жүлдегері, Еуропа, әлем және Олимпиада ойындарының чемпионы немесе жүлдегері дайындалды:_____.

10) Ізденушінің наградалары, жетістіктері

ҰШМҰО Ғылыми кеңесінің құрамында 47 адам бар, оның ішінде дәрігер _____ (Т.А.Ә.), дәрігер _____ (мамандығы) кандидатурасын қауымдастырылған профессор (доцент), профессор (қажетін белгілеу) ғылыми атағын алуға _____ мамандығы бойынша

(мамандықтың шифры және атауы)

ұсынуды қарау кезінде _____ адам қатысты.

___ (қатысқандардың саны)

___ дауыс бергені

___ (қолдап дауыс бергендер).

__ (қарсы/қалыс қалғандар) жоқ.

Ғылыми Кеңестің Төрағасы Е.Б. Адильбеков

Ғылыми Кеңестің Хатшысы Д.Ж. Мұқажан

Танысу парағы

№	Т.А.Ә.	Лауазымы	Қолы	Танысу парағы
1.	Сүлейменова С.Б.	Бөлім басшысы		14.07-2026.
2.	Жанатова С.М.	Бас маман		07.09.2026.
3.	Мұханбан Д.Ф.	Жетекші маман		14.07.2026.
4.				
5.				
6.				
7.				
8.				
9.				
10.				
11.				
12.				
13.				
14.				
15.				
16.				
17.				
18.				
19.				
20.				
21.				
22.				
23.				
24.				
25.				
26.				
27.				

Өзгерістерді тіркеу парағы

№	өзгеріс енгізілген стандарт бөлімінің, тармағының №	Өзгеріс енгізілген күні	Өзгеріс енгізген тұлғаның Т.А.Ә.